

## Қазақстан Республикасының халқын тіркеудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 шілдедегі N 761 Қаулысы

Қазақстан Республикасының халқын тіркеу жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. 2005 жылғы 1 қыркүйектен бастап азаматтарды тіркеу кітаптары қолданысқа енгізілсін.

2. Тұрғындарды есепке алу кітаптары 2008 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады деп белгіленсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.02.27. N 149 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс) қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 2008 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде тұрғындарды есепке алу кітаптарын азаматтарды тіркеу кітаптарына ауыстыруды жүргізсін.

Тұрғындарды есепке алу кітабын азаматтарды тіркеу кітабына ауыстыру азаматтың тұрақты тұратын (тіркеу) орны бойынша аумақтық әділет органына азамат өтініш берген кезде жүргізіледі.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.02.27. N 149 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс) қаулысымен.**

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және міндетті түрде ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 21 шілдедегі

N 761 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.01 № 1420 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 29, 359-құжат):  
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесінде:

33 - т а р м а қ т а :

екінші абзацта "тұрғындарды есепке алу" деген сөздер "азаматтарды тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтарды тіркеу кітабы жеке тұлғаның тұрақты тіркелу орнын және онымен бірге отбасы мүшелерінің бірлесіп тұрып жатқан фактісін растайтын құжат болып табылады және заңнамада белгіленген жағдайларда мүдделі органдарға көрсетіледі";

төртінші абзацта "Тұратын жері" деген сөздердің алдынан "Жеке тұлғаны" деген сөздермен, "тіркеуден шығаруды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ онымен бірге отбасы мүшелерінің бірлесіп тұрып жатқан фактісін" деген сөздермен толықтырылсын;

35-тармақта "тұрғындарды есепке алу" деген сөздер "азаматтарды тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.08.17. N 777 қаулысымен.

5 . < \* >

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.30. N 623 (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6 . < \* >

Ескерту. 6-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.05. N 371 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.